

*Н. Адилбек,*

2-курс

*Ғылыми жетекші — Карымсақова Д. Т., мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі, полиция капитаны (Қазақстан Республикасы ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ҰЛЫ РУХЫ**

Қазақтың құқығы өте құнды рухани мұра. Дала заңдары жүздеген жылдар бойы қалыптасып, жетілдіріліп, дамытылып отырылған. Ұрпақтан-ұрпаққа жеткен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» бүгінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен сабақтасып жатқандай.

Тәуке хан билік құрып тұрған кезінде қазақтардың әдеттегі құқық нормалары бір жүйеге келтіріп, толықтырады. Тұжырымдалған заңдар «Жеті жарғы» деген атпен мәлім, мұның өзі сөзбе-сөз алғанда «жеті ереже» деген сөз. Жеті жарғыға әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, сондай-ақ салықтар, діни көзқарастар туралы ережелер енгізілген, яғни онда қазақ қоғамы өмірінің барлық жақтары қамтылған.

Әкімшілік құқық нормалары мен қылмысты іс құқығы «Жеті жарғы» бойынша, жоғарғы билік ханның қолында шығарылуы тиіс болды. Заңдардың жекелеген баптарына қарағанда, хан жоғары судья болған, ол қылмысы және теріс қылықтары үшін соттап, жазаға тартқан, шағымдарды қараған, салық салу тәртібін белгілеген.

Жасаған қылмыстары үшін кінәлілер түрлі жазаларға тартылған. «Жеті жарғыда» «қанға қанмен, мертіктірсе мертіктірумен кек қайтару» заңы сақталады. Бірақ билердің үкімі бойынша немесе талапкерлердің келісуі бойынша жаза жеңілдетілетін болған, мұндайда қылмыскер кез келген қылмысы үшін тек қана белгіленген құн төлеп жазаланатын.

Мұрагерлік құқық мәселелерінде «Жеті жарғы», сірә, әдеттері құқық нормаларын баянды еткен сияқты. Баласы жоқ бөлек тұрған ұлы қайтыс болса, оның мал-мүлкі әкесіне берілетін болды. Ата-анасы қайтыс болса, жас балалары ең жақын туыстарының, ал ондай туыстары болмаған жағдайда «бөгде сенімді адамдардың» қамқорлығына берілетін болған.

Соттау құқығы тек ханның, билер мен рубасаларының қолында ғана болды: «Дауды шешу және кінәлі адамға үкім шығару ханның өзі болмаса, талапкер мен жауапкер тұратын ауылдардың билеушілері не ақсақалдардың қолында болып, істі қарауға екі жақтан да сайланған арада жүруші тағы да екі адам шақырылуға тиіс.

«Жеті жарғының» біздің заманымызға дейін жеткен мәтіні мазмұнының жалпы сипаты осындай. Тәуке хан «Ережесінің» жалпы бағыты — қазықтың феодалдық жоғары тобының артықшылық жағдайларын, оның саяси үстемдігін қорғау, феодалдық меншікті және патриархаттық әулетте үстем болған тәртіптерді қорғау, мұсылман дінін қолдау. Феодалдық құқықтарды бұзған әрбір адамға қатаң жазаға ұшырау қауіпі төнген.

Осы заңдарға қосымша Тәуке ханның мынадай есте қаларлық баптары қосылуға тиіс: «Ханың, өзі сондай-ақ барлық сұлтандар, олардың ақсақалдары мен билеушілері халық істерін талқылау үшін күзде ортадағы бір жерге жиналып отырсын.

Бірде-бір қазақ халық жиналысына қару-жарақсыз келмейтін болсын. Қарусыз адамның даусы болмаған және оған жасы кішілер орын бермеген.

Қару ұстап жүре алатын кез келген адам хан мен билеушілерге жыл айын мал — мүлкінің 20 дан бір бөлігін алымға төлеп отыратын болсын.

Тәуке ханның «Жеті жарғысын» толығырақ қарастырсақ:

Бірінші жарлығы: «Халықтың ханы, сұлтаны, пірі-әзіреті қастан өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін».

Екінші жарлығы: «Төрелер мен қожалардың жай қатардағы біреуі өлтірілсе, олардың әрқайсысына (ақсүйектің, пірдің тұқымы деп) екі кісінің құны төленуі тиіс».

Үшінші жарлығы: «Сырттан келген адам үйге кірерде мініп келген атын босағаға байлағандықтан біреуді теуіп өлтірсе «бүтін құн», үйдің жапсарына байлаған ат теуіп өлтірсе «жарты құн», ал үйдің артына байлаған ат теуіп өлтірсе тек «ат-тон» айыптартады».

Төртінші жарлығы: «Ата-анасын туған баласы ренжітіп, қарсы келіп қол жұмсаса, онда ол баланы ата-анасы өлтіремін десе де ерікті, сұраусыз болады».

Бесінші жарлығы: «Кәмелетке жеткен баласы туған ата-анасына тіл тигізіп сөккені үшін (қол тигізбесе) — қара сиырға немесе қара есекке теріс мінгізіп, мойнына құрым іліп, бүкіл ауылды айналдыру керек».

Алтыншы жарлығы: «Кұда түсіп, құйрық-бауыр жегіскеннен соң ақ баталы жесір басқаға кетсе, оған берілген қалың мал жесір иесіне түгел қайтарылып, оның үстіне қалыңсыз қыз немесе бір қыздың қалың малы төленсін».

Жетінші жарлығы: «Ұрыдан айыр түйеге — нар, атқа — аруана, тайлаққа — атан, тайға — ат, қойға — тана төлетеді. Оның үстіне үш тоғыз айып төлейді»<sup>1</sup>.

Осы мақаламды «Жеті жарғыдан» бастағанымның себебі, қазақ елі ғасырлар бойы заңмен, тәртіппен өмір сүргенін айта кеткенін жөн көрдім. «Жеті жарғы» елдің ерлігін, халықтың бірлігін сақтап, азаттығы мен тәуелсіздігі үшін жанкешті күреске үндейтін, арды шындап, намысты қайрайтын, адалдық пен әділетке бастайтын дала Конституциясы болып табылады. Далалар мұрасын болашаққа жеткізу бүгінгі жас ұрпақтың еншісінде деп ойлаймын.

Қазіргі заманға бет бұрып, сол жайлы айта кететін болсақ.

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт

ішінде елдің әл-ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік — біздің ең басты игілігіміз, баға жетпес құндылығымыз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады<sup>ii</sup>.

Болашақта еліміз әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 мемлекеттердің қатарынан орын алатынына барлық қазақстандықтар күмәнсіз сенеді. Осындай секіріс жасау үшін барлық қоғамдық ресурстарды топтастыру мен жұмылдыруға тура келеді. Бай да байқуатты Қазақстан идеясы ел кеңістігіндегі ішкі ұлттық ынтымақтастықпен тиімді біртұтас рухани, мәдени, экономикалық және саяси жүйенің желісін айқындап, олардың қалыптасуына оң ықпалын тигізеді. Қазақстан Республикасы ТМД мемлекеттері арасында бірінші болып ұзақ мерзімге арналған стратегиялық дамуы жоспарын таңдап алған елдің бірі болды. 1997 жылғы 11 қазанда «Қазақстан — 2030» атты ұзақ мерзімді даму стратегиялық бағдарламасын қабылдады<sup>iii</sup>.

Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани-мәдени жаңғыруға қол жеткізілді. Қысқа мерзім ішінде Тәуелсіз Республикамыз Кеңес империясынан мұра болып қалған көптеген өткір де өзекті мәселелердің шешімін тауып, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салаларға да реформалар жүргізді.

---

<sup>i</sup> Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні // <http://kk.wikipedia.org/wiki>

<sup>ii</sup> Абрахманов С. Тәуелсіздік шежіресі. — Алматы, 2006.

<sup>iii</sup> zharar.com